



ШЫМКЕНТТЕ ТӘЖІКСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТ КҮНДЕРІ ӨТУДЕ

Тамыз айының 26-28 күндері Шымкентте Тәжікстанның мәдениет күндері өтті. Шара екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығына орай ұйымдастырылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік сапармен келген Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен кездесіп, қазақ-тәжік ынтымақтастығын одан әрі дамыту перспективаларын талқылаған болатын. Сондай-ақ сауда-экономикалық, соның ішінде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және көлік салаларындағы ынтымақтастықты кеңейтуге ерекше назар аударылды.

Қала әкімі М.Әйтенов Мәдениет күндерінің аясында ұйымдастырылған «Көрме» орталығында өткен Тәжікстанның ауыл шаруашылығы өнімдері мен өнеркәсіп тауарларының көрме-жәрмеңкесіне арнайы қатысты. Делегацияны Тәжікстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрі Хақимзода Қурбан бастап келді.

Кәсіпкерлер қала тұрғындарына 189 тонна жеміс түрлері мен кептірілген жемістерді, 85 тонна бақша өнімдерін, 248 тонна көкөніс өнімдері мен 8 тонна бал ұсынды. Сонымен қатар 13 тонна өнеркәсіп өнімдерінің арасында газды және газсыз, энергетикалық сусындар, шыршындар, консервіленген жемістер мен көкөністер, кондитерлік өнімдер бар.

«Бүгінде Тәжікстан Шымкенттің сенімді сауда серіктесі болып табылады. Қаладан көрші елге өсімдік майлары, минералды тыңайтқыштар, макарон өнімдері, сабын, киім және де басқа тауарлар экспортталады. Экономикалық ынтымақтастық пен сауда қатынастарын кеңейту мақсатында біз инвестициялар мен өзара саудаға қатысты мәселелерді талқылауға дайынбыз.

Бүгінгідей іс-шаралар ортақ келісімдерге жол ашып, екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға жаңа серпін береді деп санаймын», — деді қала әкімі.

Мәдениет күндері аясындағы көрші ел кәсіпкерлерінің ауыл шаруашылығы өнімдері мен өнеркәсіп тауарларының жәрмеңкесі Қажымұқан стадионында жалғасуда. Жәрмеңкеде анар, алмұрт, алма, кептірілген жемістер, бақша өнімдері сатылуда. Сондай-ақ қала халқына қаруын, қарбыз, асқабал, бал өнімдері ұсынылуда.

Сусындар мен шыршындар, консервіленген жемістер мен көкөністер, кондитерлік өнімдерге де сұраныс зор.

Тұрғындар орталық стадионға көптеп жиналып, Тәжікстанның ұлттық тағамдарымен танысып, дәм татып, тәжік халқының өнерпаздарының концерттік бағдарламасын тамашалады.

«Шым қала» тарихи - мәдени кешеніне Тәжікстан Республикасының мәдениет күндері аясында бауырлас елдің Ауыл шаруашылығы министрі Хақимзода Курбан бастаған делегация келді.

Қонақтарға қала әкімі Мұрат Әйтенов жылы лебізін білдіріп, меймандостық танытты. Ежелгі Жібек жолы бойында орналасқан Шымшардың мәдениеті мен тарихына қаныққан тәжік елінен келген бауырлар ризалық пейілдерін білдірді.

Делегация құрамында Носирзода Жабор - Тәжікстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің бір-

інші орынбасары, Сафарда Бахтиёр - Индустрия және жаңа технологиялар министрінің орынбасары, Холмазия Рустам - Тәжікстан Республикасы Үкіметі жанындағы Туризмді дамыту комитетінің орынбасары бар.

Сонымен қатар делегация «Шымқала» тарихи-мәдени кешенінде өңірлік қолөнершілер, шеберлер туындыларын да тамашалап, ескі қалашық тарихымен танысты.

Кездесу сәтінен естелік ретінде елімізге белгілі қолөнер шебері Бейісбеков Болат мырзаның қолынан шыққан туындылар табысталды.

Ал қаладағы сауда орталықтары бірінің кино залында Тәжікстан Республикасының «Саразма признание» фильмі көрермендерге көрсетілді. Фильм көне Саразмның 5500 жылдығына арналған. Саразм — біздің дәуірімізге дейінгі IV-III мыңжылдықтардағы неолит, қола дәуірлерінің егіншілік, қала құрылысы және басқа да қолөнер мәдениеті туралы сыр шертетін үлкен ашық аспан астындағы мұражай.

Ежелгі Саразм — шығармашылықтың, тарих пен өркениеттің, өнер мен сиқырдың, сондай-ақ адамзат тарихының көмескі тұстарының озық үлгілерін бейнелейді. Сондай-ақ Орталық Азия мен Таяу Шығыстың тарихы мен өркениетін ашық көрсетеді.

Тәжікстанның Қазақстандағы мәдениет және өнер күндері Шымкент қаласының Түркістан мәдениет сарайында жалғасып тапты. Жексенбілік өнер кешіне Тәжікстан Республикасының мәдениет

министрі Зулфия Давлатзодамен бірге арнайы келген бір топ делегация өкілдері қатысты. Мерекелік кеште екі елдің ежелгі достығы мен бауырмалдығы құрметіне Шымкент қаласы әкімі Мұрат Әйтеновтің ықылас гүл шоғы табыс етілді.

Тәжік ұлттық киімімен мың бұрала би билеп, шығыс әуендерін әуелеткен концертте Тәжікстан Республикасының мәдениет және өнер жұлдыздары өн шырқады. Тәжіктің ұлттық аспаптары сырнай, дутар, танбур, рубаб пен дойранның сүйемелдеуімен дәстүрлі өндері орындалды. Сондай-ақ, қазақ халқының алтын қорынан «Өгугай» әніне тәжік қыздары би билеп, эстрадалық өнші Бейбіт Қорғанның репертуарындағы «Шоқ қыздар» өнін өнер жұлдыздары жандыра, әрі қосыла орындап, сахна төрін шаттыққа бөледі.

Осылай өнер қайраткерлері өзiрлерi мерекелiк салтанатты кеш Шымкент жұртшылығына керемет әсерлi көңiл-күй сыйлады. Сонымен қатар, Түркістан сарайы фойесінде тәжік халқының шығармашылығы, ұлттық киімдері, тарихи фото туындылары көрмеге қойылды.

Айта кетейік, Шымкентте сыртқы сауда айналымы соңғы 5 жылда 12 млн. АҚШ долларынан 37 млн. АҚШ долларына дейін 3 есе өскен. Алдағы уақытта сауда айналымын ұлғайтуда үлкен мүмкіндіктер бар. Елімізде тәжік-қазақ қатынастары бүгінде ынтымақтастықтың барлық саласы бойынша қарқынды дамып келеді.

Арайлым ӘБСАҒАТ.

ТҮРКІСТАНДА ӨҢІР ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТАУАРЛАРЫНЫҢ КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

Облыс орталығында Түркістан облысы мен Қытай Халық Республикасы компанияларының өнімдері ұсынылған бірлескен көрмесі өтіп жатыр. Оған Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды мен Қытайдан арнайы келген бірнеше ірі кәсіпорын басшылары қатысты. Аймаққа инвестиция тартып, жергілікті өнімдерді экспортқа шығаруды мақсат еткен іс-шарада жалпы саны 60-қа жуық тауар өндірушінің өнімдері қойылды. Атап айтқанда, киім, аяқ киім, ыдыстар, текстиль өнімдері, электр машиналары, күннен қорғайтын өнімдер, электр скутерлері және Түркістан облысы бойынша тамақ, жи»аз, химия, жеңіл өнеркәсіп өнімдері ұсынылды.

Бұл көрменің Түркістан облысында өтуінің маңызы жоғары. Оған дәлел ретінде екі елдің көптеген ортақ бастамаларын айтуға болады. Сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық қатынастарды дамыту тұрғысынан Қытай Халық Республикасы Түркістан облысының маңызды және сенімді серіктесі болып табылады. зара ынты-

мақтастықтың арқасында екі ел арасындағы тауар айналымы өсті. Түркістан өңірі еліміздің қарқынды дамып келе жатқан өңірлердің бірі және орасан зор инвестициялық және туристік әлеуетке ие. Мемлекеттеріміз арасындағы экономикалық байланыстарды дамытуға серпін беретін өзара инвестицияны ұлғайту арқылы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға шақырамын. Тарихи қлы Жібек жолының жүрегінде орналасқан Түркістан облысында қытайлық компаниялардың бастамаларына толық қолдау көрсетіледі, — деді Дархан Амангелдіұлы.

«Бір белдеу, бір жол» жобасы аясында екіжақты сауда байланысын арттыру мақсатында өткен көрмеде Қытайдың «Илутун» деп аталатын онлайн-платформасы таныстырылды. Илутун — бұл трансшекаралық онлайн көтерме сауда дүкені. Онда барлық тұрмысқа қажетті заттарды тікелей өндірушіден сатып алуға мүмкіндік бар. Логистика жағынан да жылдам жеткізу тәсілдері қарастырылған. Бүгінгі таңда бұл платформадан 500-ден аса зауытты

тауып, тауарлар жайлы ақпаратты үш тілде (қытай, ағылшын, орыс) алуға болады. Арада делдалдарсыз тікелей зауытпен байланысып, қол жеткізу қарастырылған.

Одан өзге, көрме аясында екіжақты байланысты дамытып, бірлескен жобалар ашып, тәжірибемен бөлісу бойынша Меморандумдарға қол қойылады. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы техникаларын құрастыру, кабель желісін жасау, электр көліктерін зарядтау станциялары, тігін фабрикасын ашу бойынша жалпы сомасы 3 млрд-тан астам қаржыға кәсіпорындар ашу бойынша Индустриалды аймақ және Арнайы экономикалық аймақ басшылығымен меморандумдар түзілді.

Естеріңізге салсақ, бұған дейін облыс әкімі Дархан Сатыбалды Қытайға жұмыс сапары кезінде екі елдің, оның ішінде Түркістан облысында өңдеу өнеркәсібі, автомобильдер жасау, пластмассадан бұйымдар жасау, робототехника т. б өндірісті дамытуда бір-қатар ірі инвестициялық компаниялардың өкілдерімен кездесіп, әріптес-

тік жөнінде келіссөздер жүргізген болатын. Бұл кездесулер нәтижесін беріп, жақын күнде Түркістан қаласының Индустриалды аймағындағы дайын өндіріс алаңында (brownfield) қазақ-қытай бірлесуімен шұлық және ерлер костюмін шығаратын зауыт ашылмақ. Мұндай ірі кәсіпорындар арқылы жаңа жұмыс орындарын ашып, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту мәселесі басты назарға алынған.

Түркістан облысы арқылы өтетін «Батыс Қытай — Батыс Еуропа» халықаралық көлік дәлізі - өлемдік нарыққа шығудың ірі көзі. Облыстан мың шақырым радиуста 70 миллионнан астам адам тұрады. Түркістан облысының салалық мамандануын, сондай-ақ экономиканы дамытудың басым бағыттарын ескере отырып, Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі, жер қойнауын пайдалану, туризм, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздері сияқты салаларға инвестиция тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Жомарт БЕГІМБЕТ.

Тағайындау



Думан ТАЕВ -

Шымкент қаласы
Полиция Департаментінің
бастығы

Думан Әшкенұлы 1967 туган. Құқық қорғау саласында тәжірибесі мол бас полицей бұған дейін Ақмола облыстық Полиция Департаментінің бастығы лауазымын атқарды.

Ал, жаңа бастыға орнын босатқан Қайрат Дәлбеков Алматы облысы мен Жетісу облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі Департаментінің бастығы қызметіне ауысты. Айта кетейік, Қайрат Сұлтанбайұлы 2022 жылдың 2 ақпанынан бастап Шымкент қаласының бас полицейі қызметін абыроймен атқарып, нәтижелі жұмыстар жасады.

Қала әкімі Мұрат Дүйсенбекұлы Қайрат Дәлбековқа алғысын білдіріп, Думан Таевқа сәттілік тіледі.

Шымкент қаласы Полиция Департаментінің жаңа бастығы тағайындалды. Үшінші мегаполистің бас полицейі қызметін енді Таев Думан Әшкенұлы атқаратын болады. Тағайындауды ҚР Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов арнайы келіп салтанатты түрде жүргізді.

Полиция генерал майоры

ПЕШТІ АБАЙЛАП ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ

Пешпен жылытуды пайдалану кезінде тыйым салынады: Жанып жатқан пештерді қараусыз қалдыру, сондай-ақ балаларға оларды қадағалауды тапсыру;

Отын және басқа да жанғыш заттар мен материалдарды от алдында орналастыру;

Пештерді жағу үшін бензин, керосин, дизель отынын және басқа да ТТС және ЖС қолдану;

Отынның осы түрлеріне арналмаған пештерді көмірмен, кокспен және газбен жағу;

Үй — жайларда жиналыстар және басқа да бұқаралық іс-шаралар өткізу кезінде пеш жағуға жол берілмейді;

Пешті қатты қыздыру;

Өрт қауіпсіздігі талаптарына, стандарттар мен техникалық шарттарға жауап бермейтін металл пештерді орнату. Зауытта дайындалған уақытша металл және басқа да пештерді орнату кезінде дайындаушы кәсіпорындардың нұсқаулары (нұсқаулықтары), сондай-ақ жылыту жүйелеріне қойылатын жобалау нормаларының талаптары орындалуы тиіс.

Б. УРКИНБАЕВ,

«ӨСЖАҚЖҚ» ММ №9 МӨСБ бөлімше командирі а.қ старшинасы

ҚОНАЕВ ДАҒЫЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ: ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ 35%-ҒА ДАЙЫН

Қаланың оңтүстік бағытындағы жалғыз кірме шығыс жолына жүктемені азайту мақсатында Д.Қонаев даңғылының жалғасы салынуда. Нысан 6 кезеңнен тұрады. Бүгін Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов аталған нысан басына барып, күре жолдың құрылысын бақылады. Жалпы Д.Қонаев даңғылының жалғасын салу 2-ші кезеңінің ұзындығы 1,7 шақырымды құрайды. Көшенің ені - 42 метр, 6 жолақты.

Қазір мұнда жер жабындысын салу жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ құрылыс ны-

санында тірек қабырғаларын орнату жұмыстары және инженерлік желілерді ауыстыру жұмыстары атқарылған. Қазіргі уақытта құрылыс 35-пайызға аяқталған. Жыл соңына дейін Түркістан көшесінен теміржолға дейін қамтитын 2-ші кезеңіндегі жолдың бір бөлігін көлік қозғалысына ашу жоспарлануда. М.Дүйсенбекұлы

Құрылыс нысанына түсетін 5 жер учаскесін мемлекет мұқтажына алу мәселесін тезірек шешуге тапсырма берді.

«Айғақ»-ақпарат.



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДА ЖАҢА 100 ШТАТ АШЫЛДЫ

Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен Түркістан облысы мәдениет және туризм басқармасының «Конгресс Холл» көпсалалы кешеніне түрлі бағыттағы өнер ұжымдарын ашу үшін хореографиялық 100-ден астам мәдениет қызметкеріне штат берілді. Атап айтқанда, хореографиялық би ұжымы, этнофольклорлық ансамбль, биг-бэнд ансамблі, классикалық, эстрадалық, дәстүрлі, заманауи бағыттағы әншілер топтары және балалар қуыршақ театрына мамандар қабылдануда.

Өнерпаздарға жаңа мүмкіндік ретінде бос жұмыс орындарына кастинг жарияланып, алғашқы байқау 14 тамыз күні өткізілді. Оған Қазақстанның өр өңірінен 40-қа жуық түрлі өнер майталманы мен жас мамандар қатысты. Атап айтқанда Петропавл, Қарағанды, Тараз, Алматы, Шымкент тағы басқа қалалардан, Қызылорда облысынан, Түркістан облысының аудандарынан өнер мамандары келіп, өз бақтарын сынады.

Байқауда «Конгресс Холл көпсалалы кешені» МКҚК-

ның басшылары мен шығармашылық бөлімінің қызметкерлерінің іріктеуінен 27 жас маман іріктеліп алынды.

Қазіргі таңда өнерпаздардың арасынан вокалдық, классикалық, дәстүрлі оркестр жасақталып, би ұжымы іріктеліп жатыр.

Екінші кастингті 5 қыркүйек күні өткізу жоспарлануда. Мамандарды Қазақстанның үздік өнер иелерінен құралған кәсіби комиссия іріктейді. Бүгінгі күнге 25 жуық үміткер өз өтінішін білдірген.

Салтанат РҮСТЕМБЕК.

СЕЛ ҚАУПІНІҢ БЕЛГІЛЕРІН БАЙҚАСАҢЫЗ, САҚТАНЫҢЫЗ!

Сел ағындары - бұл жекелеген біліктерде қозғалатын, таулы рельефке төн су мен борпылдақ қоспалардан тұратын қысқа мерзімді балшық тас ағындары.

Олар морена көлдерінің серпінділігі, еріген қардан судың толып кетуі және мұздықтардың сулануы, қатты және тұрақты жауын-шашын, сондай-ақ жер сілкінісі кезінде пайда болады.

Қазақстанның таулы аймақтарында селдің пайда болуы жылы маусымда (мамыр - қыркүйек) өбден мүмкін.

Селдің биіктігі 10-20 метрге жетуі мүмкін (кейбір жағдайларда 40-50 метрге дейін), ағынның жылдамдығы 3-5 және одан көп м / с (кейбір жағдайларда 15-20 м / с дейін) болады.

Селдің жолында тірі қалу іс жүзінде мүмкін емес, сондықтан сел қаупінің алдын-алу өте маңызды.

Сел қаупінің белгілері:

- сел қаупі бассейнде қатты нөсер;
- сел қаупі өзендердің жоғарғы ағысында ауа температурасының күрт және ұзаққа көтерілуі,



тау көлдерінің толып кетуіне әкеліп соқтырады және олардың басталу қаупін тудырады;

• көлдегі су деңгейінің күрт төмендеуі немесе оның бетінде кратерлердің пайда болуы, бұл көлдің линтелінің (дамбаның) серпілісін білдіреді;

• көл сілемі (дамба) бұзылуына әкеледі.

Е. ҚАБЫЛБЕК,

«ӨСЖАҚЖҚ» ММ №9 МӨСБ аға инженері, а.қ лейтенанты

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ - МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ ҚАУІП-ҚАТЕРІ

Сыбайлас жемқорлық - ел қауіпсіздігіне елеулі қатер төндірді. Ол қоғамға үлкен зиян келтіреді, мемлекеттік билік негіздеріне қол сұғады, мемлекеттік және муниципалдық органдар қызметінің тиімділігін төмендетеді, олардың беделіне нұқсан келтіреді. Жемқорлық тұтастай бір елдің экономикалық дамуын қиындатады деуге болады. Демократиялық институттар мен құндылықтарды, әділдік пен қоғамдық борыш туралы түсініктерді бұза отырып, сыбайлас жемқорлық мемлекеттің орнықты дамуына нұқсан келтіреді. Нақты айтқанда, сыбайлас жемқорлық азаматтардың құқық санасын бұзып, оларда лауазымды адамдарды сатып алу арқылы жеке және ұжымдық мүдделерді қанағаттандыру мүмкіндігі туралы түсінік жасайды.

Сыбайлас жемқорлық - бірінші кезекте жүйе, егер сіз пара берсеңіз немесе алсаңыз, материалдық немесе материалдық емес пайда алу мақсатында өзіңіздің немесе біреудің лауазымдық жағдайын заңсыз пайдалануға қатыссаңыз, демек сіз сыбайлас жемқорлық жүйесінің бір бөлігіне айналасыз және құқыққа қайшы қызмет үшін дербес заңды жауапкершілікте боласыз. Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлықты тоқтату үшін мемлекет тарапынан көптеген алдын алу шаралары ұйымдастырылуда. кіншіке қарай, халықтың са-

насында ол көдімгі құбылысқа айналған, онымен күресудің пайдасы жоқ деген түсінік қалыптасқан. Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қандай да бір шаралардың нәтижелілігін азаматтар көбінесе өте төмен бағалайды. Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Еліміздің дамуына кедергі келтіріп отырған кеселдің бірі — сыбайлас жемқорлық. Онымен күресу — баршамызға ортақ міндет» деу арқылы республика азаматтарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірге күресуге шақырады. Бұл бағытта соңғы үш жылда біршама шаруа атқарылып, бірқатар өзгерістер енгізілді. Мысалы, осындай қылмысы үшін сотталғандарды мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға тыйым салынды. Бұдан былай олардан қайтарылған қаражат халық игілігіне, яғни мектеп салуға жұмсалатын болады. Бұл дегеніміз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ешқашан тоқтаған емес, болашақта та жан-жақты шаралардың үздіксіз жүзеге асырылып отыратындығын білдіреді.

Өзіне тиесілі емес қандай да бір ресурстарды алуға билігі бар кез келген адам (шенеунік, депутат, судья, құқық қорғау органдарының қызметкері, әкімші, емтихан алушы, дәрігер және т.б.) сыбайлас жем-

қорлыққа қатысты болып шығуы мүмкін. 2015 жылдың 18 қарашасында бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» бекітілген заңы бұл қызметтің негізі болып есептеледі. Бір гана құқықтық нормалардың көмегімен сыбайлас жемқорлықты жою мүмкін еместігін түсіну маңызды. Қылмыстық-құқықтық шаралар сыбайлас жемқорлық қылмыстарының кейбіреулерінің қысқаруына гана өкпе соғуы мүмкін. Мемлекет іске асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бұл процеске азаматтық қоғам институттары мен әрбір азамат жеке-жеке белсенділік танытқан жағдайда гана оң нәтижесін берері анық. Біздің өрқайсымыз заңды басшылыққа ала отырып, жұмыс істеуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жалпы ісіне өз үлесімізді қосуға тиіспіз. Азаматтардың заңды, өз құқықтарын іске асыру тетіктерін біліп, нақты өмірлік жағдайларда өз құқықтарын қорғай білуі керек. Осылардың негізінде сыбайлас жемқорлықтың жеке, қоғамдық және кәсіби өмірінде орын алуына жол бермеуі қажет.

М.АКИШЕВ,

Шымкент қаласы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, білім саласындағы өзекті 20-тақырыптық бағытта еліміздің әрбір өңірінде республикалық тамыз кеңесін өткізу жоспарланған болатын. Білім саласы қызметкерлерінің дәстүрлі жиыны республика көлемінде биыл Шымкент қаласында өтті.

«Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тақырыбында өткен кеңесте әр өңірден келген білікті мамандар білім беруді цифрландыру бағытындағы үздік тәжірибелері, жетістіктері және еңбектерімен бөлісті. Кеңес жұмысының негізгі мақсаты — білім беруді цифрландыру, ұлттық білім берудегі деректер қоры, мектептегі интернет, білім берудегі оқыту ресурстары, ақпараттық-коммуникативтік технология, электронды оқулықтар, мультимедийетті орта қалыптастыру және мемлекеттік қызметтегі автоматтандыру. Тамыз кеңесіне еліміздің өзге өңірлерінен 200-ге жуық цифрландыру бағытына жауапты мамандар келді. Аталмыш кеңеске Қазақстан Республикасы оқу-ағарту вице-министрі Айбат Илиясов арнайы келіп, білім саласы, цифрландыру жүйесіндегі тың жаңалықтармен

ҰСТАЗДАР ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫНДАҒЫ ТЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫМЕН БӨЛІСТІ



танысты.

— Бүгінгі тамыз кеңесінде маңызды тақырып көтеріліп отыр. Білім, ғылым саласы әлемде күн өткен сайын қарыштап дамып жатыр, озық елдердің технологиясын біздің елде де жасап жатқан білікті мамандарымыз көбейіп келеді. Бүгінгі тақырып ая-

сында қазіргі уақытта қолданылып жүрген, ұстаздарға, оқушыларға, ата-аналарға ыңғайлылық тудырып отырған мобильді қосымшалар, электронды бағдарламалар мен танысудамыз. Әлбетте білім саласы алдағы уақытта да көп өзгерістер мен жаңалықтар енгізетін болады. Оқулық-

тарды электронды жүйеге өткізу, автоматтандыру, цифрландыруда жасалынып жатқан жобаларда бар, — деді А. Болатұлы.

Озық платформалардың бірі — «Төлем» жүйесі. Осы уақытқа дейін бір жарым миллионға жуық карта дайындаған жүйеде қала оқушыларының

ақпараттар базасы жинақталған. Аталмыш компания бұл ақпараттарды ата-ананың бақылауы мен оқушы қауіпсіздігі үшін қолданып, үздік бағдарлама жасап шығарды.

— «Төлем» жүйесі Шымкентте үшінші жыл қолданылып келеді. Үш түрлі картамыз бар, яғни оқушыға, студентке, тұрғындарға арналған. Бұл карталармен автобус төлемақысына 65 пайыз жеңілдік қарастырылған. Бүгінде «Төлем» жүйесі білім басқармасымен, ата-аналар кеңесімен ақылдасып, бірлесе отырып жұмыс ауқымын кеңейтті. Яғни бұл карталардың беретін мүмкіндігі мектептердегі арнайы турнирден өткен кезде ата-анаға хабарлама түсіп отырады. Сондай-ақ мектеп асханасында тегін тамақ алу мүмкіндігі, театр, музей, парктердің қызметтерін қолданғаны үшін де төлем жасай алады. Баланың не істеп, қайда төлем жасап, қай жерлерге барғанын ата-ана мобильді қосымша арқылы толық бақылауда ұстай алады, — дейді «Төлем» ЖШС-атқарушы директоры Сейдолла Исмаилов.

Кеңес аясында қонақтар көрмеге қойылған секциялық жұмыстармен танысып, тәжірибе алмасты.

Салтанат РҮСТЕМБЕК.

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ 25 МАМЫР КҮНІ СОҒЫЛАДЫ

Енді мұғалім өзінің қызметі туралы барлық ақпаратты жеке кабинетінен көретін болады. Себебі ұлттық платформа негізінде мұғалімдерді аттестаттау процесі автоматтандырылған. Одан бөлек жаңа оқу жылында ата-аналарға арналған арнайы академия өз жұмысын бастайтын болады. Дәл 1 аптадан соң күміс қоңыраудың сыңғырымен басталатын жаңа оқу жылында тағы нендей өзгешелік бар? Оқу аптасы қанша айға созылады? Балабақшадағы кезек мәселесі қалай шешілетін? Тамыз кеңесінде айтылған ақпаратпен таныс болыңыздар.

Биыл республикалық Тамыз кеңесі жаңа форматта, жаңа бағытта жүргізілді. 20 аймақтың барлығы жеке тақырыптық бағыттарға бөлініп, конференция жүргізді. Бірінші күні 12.000 астам педагог-тәжірибешілер, сарапшылар мен білім беру және психология саласындағы арнайы мамандар мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, қосымша, инклюзивті білім берудің, балаларды қорғаудың заңнамалары мен талаптарын, ең өзекті мәселелерді талқыға салды.

«Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тақырыбында тамыздың 24-25 і күндері жыл сайын ұйымдастырылатын республикалық Тамыз кеңесі өтті. Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында білім саласында өзекті болған 20 тақырыптық бағыт бойынша әр өңірдің педагогтері мен республиканың бас ұстазы онлайн форматта бас қосып, жаңа оқу жылына дайындықты пысықтады. Оңтүстікке еліміздің өзге де өңірлерінен білім саласының өкілдері арнайы келіп, аталмыш жиынға қатысты. Түркістан сарайында өткен мәжілісте модератор болған Оқу-Ағарту министрі Фани Бейсенбаев. Бас ұстаз Тамыз кеңесінің пленарлық сессиясында өткен

оқу жылын қорытындылап, бірер күннен соң басталатын 2023-2024 жаңа оқу жылына арналған міндеттермен бөлісті.

— Педагогика және оқыту әдістемесі бойынша тестілеу де алып тасталынды. Мұғалім тек өзі сабақ беретін пән бойынша және тек қана модератор мен сарапшыға ауысқан кезде гана тестілеуден өтеді. Болашақта педагог-зерттеуші мен шебердің біліктілік санатын беру тәртібі қайта қарастырылады.

Сондай-ақ, балабақшадағы кезек мәселесін шешу үшін жыл басынан бері 32,8 мың орындық 332 мектепке дейінгі ұйым ашылып, жыл соңына дейін тағы 48 мың орын енгізілетін болады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес кәсіби мамандарды тарту мақсатында биыл қыркүйек айынан бастап тәрбиешілердің жалақысы 30%-ға артады және бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасын табады, — деп сөзін түйіндеті еліміздің бас ұстазы.

Оқу жылы 36 аптаға созылып, 25 мамырда аяқталады. Бұл туралы бүгінгі кеңесте баяндалды. Мемлекет басшысының құттықтау сөзін оқыған Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова оқу жылының мерзімін өзгерту асығыс шешім болды деп ойламайтынын жеткізді:

— Біз жалпы мынау ұлттық осындай жүйелерді енгізер кезде бөріміз ойлаймыз; бұл тағы да бір біздің кемшіліктерімізді шығарады деп. Мұндай жүйелерден қорқудың қажеті жоқ. Жаңа Президенттің сөзінде де естідіңіздер, министрдің де сөзінде айтылды. Біздің алдымызға қойылған мақсат — білім сапасын көтеру болып отыр.

Елімізде цифрландыру жүйесі қарқынды дамуда. Ұстаздар жиынында цифрландыруға қатысты мектептегі

интернет, мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру, электронды оқулықтар сынды бірқатар мәселелер талқыланды. Оқу-ағарту вице-министрі Айбат Болатұлы білім беруде цифрландырудың маңызы туралы баяндама жасады.

— Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында барлық салаларды цифрландырудың маңызына тоқталып өткен болатын. Соған сәйкес, білім саласында цифрлық мазмұнға қол жеткізу үшін оқытудың цифрлық платформалары жасалады. Соның нәтижесінде бүгінде еліміздің 7 мыңнан астам мектебінде онлайн платформалар мен цифрлы оқулықтар пайдаланылып келеді. Онлайн платформаларды және өзге де цифрлық технологияларды белсенді пайдалану бойынша Шымкент қаласы Жамбыл және Ақмола облыстарымен бірге республикада алдыңғы қатарда келеді, — деді ҚР Оқу-ағарту вице-министрі

Үшінші мегаполисте 946 білім беру ұйымдары 100% компьютерлік техникамен және интернетпен қамтамасыз етілген. Одан бөлек білім саласында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, ашықтықты өрі жариялықты қамтамасыз ету мақсатында арнайы автоматтандырылған жүйелер жұмыс істейді. Нәтижесінде «бармақ басты, көз қысты» бірқатар әрекеттер тыйылған, — дейді мамандар.

— Бүгінде автоматтандырылған жүйелер мегаполисте білім саласын арттырып, саланы жаңа деңгейге көтеруге өз септігін тигізуде. Осы бағыттағы арнайы платформалар мен жаңа бағдарламаның жүзеге асуы Шымкентте белең алып келеді. Бұл білім саласындағы жемқорлықты жоюға өз септігін тигізеді, — деп Шымкент қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі департамен-

тінің басшысы Дәурен Ергарин.

Еліміздің мектептері заманауи білім беруді қолдайды. Соған сай күнделік, дарын онлайн, білім лэнд сынды электронды порталдар да қолданыста. Ұстаздар да оқушыға тек білім беріп қана қоймай, мемлекет ұсынған мүмкіндіктерді пайдаланып келеді. Тамыз кеңесінде тыңдалған ұсыныстар мен пікірлер арқылы әр мектеп өкілі білім сапасын арттыру аясында жаңа идеяларды жүзеге асырмақ.

Жиынды жүргізген қала басшысы Мұрат Дүйсенбекұлы іс-шараның секциялық отырысында білім саласын цифрландыру бойынша 30-дан астам үздік авторлық жоба шеруі өтіп, тақырыптық маңызды мәселелер қозғалған баяндамаларды тыңдады. Сондай-ақ аталған технологиялардың білім сапасына оң әсерін беретініне де сенім білдірді. Білім саласында да айтылар арыз бен түскен шағымның көптігін де жасырмады.

— Осыдан 3 жыл бұрын Шымкентте білім саласына қатысты арыз-шағымдар өте көп түсетін еді. Осыған байланысты біз білім саласындағы сыбайластық қауіпін азайту, педагог кадрларды іріктеудің ашық өрі әділетті жүйесін қалыптастыру және білім беру ұйымдарына жұмысқа қабылдау процесін автоматтандыру мақсатында HR process деген арнайы жобаны жүзеге асырдық. Осының нәтижесінде бүгінде білім саласында тәртіп орнап, арыз-шағымдар мен наразылықтар азайды. Шымкент қаласының осындай үздік тәжірибесі бүгінде бүкіл республикаға таратылып жатыр, — деді Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов.

Осылайша 2 күнге созылған Тамыз кеңесі өз мәресіне жетті. Жаңа оқу жылында алға қойылған міндеттер аса маңызды. Жиынға қатысқан 300 өңірлік қонақ пен 1000-ға жуық шымкенттік мұғалімдер оқу жылына бекітілген жоспармен таныс болды.

Сымбат НАУХАН.

Түркістан облысы Шардара су қоймасындағы су деңгейі төмендеп барады. Өзекті мәселе туралы облыс әкімдігі стратегиялық нысанға жауапты Су ресурстары комитеті мен Экология және табиғи ресурстар министрлігін дер кезінде хабардар еткен. Шардара су қоймасының сыйымдылығы 5 млрд 200 млн текше метр болса, қазіргі судың көлемі бес есе аз. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды жауапты сала басшыларымен су айдынының бүгінгі жағдайымен танысты.

Мамандардың мәлімдеуінше, Өзбекстан мен Қырғызстаннан келетін судың деңгейі азайған. Министрлік тарапынан көрші елдермен келіссөздер жүргізіліп, шектік деңгейге жеткізбеудің амалдары жасалуда. Соның нәтижесінде қыркүйек айында судың мөл-

шері көбейеді, деген болжам жасауда.

Облыс әкімі Шардарадағы отыз мыңнан аса халық ауыз сусыз қалмау үшін алдын алу жұмыстарын күшейтуді тапсырды. Бүгінде су таситын көліктер алдын ала дайындалған. Себебі шағын шаһардың тұрғындарына тіршілік нәрі су қоймадан тазартылып беріледі.

Шардара су қоймасының түбін тазарту жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмыстары аясында су қоймасының түбінен сынақ материалдары алынып, шөгінділердің арақатынасын анықтау үшін зертханаға жіберілді. Ал шөгінділерді өңдеп, материал ретінде көдеге жарату жаңа технологияларды қажет етеді. Айта кету



керек, мұндай жұмыстар біздің елімізде алғаш рет жүргізілуде. Бұл оңтүстік өңірлердегі су тапшылығын жою үшін жаңа серпін болмақ.

Айта кететіні, су қоймасы 1966 жылы салынған және көлемі бойынша елімізде үшінші

орында. Шардара су қоймасының соңғы батиметриялық түсірілімі (тереңдіктегі бірдей сызықтар туралы деректерді жинау процесі) 1977 жылы жүргізілген, сол кезеңдерде су қоймасының көлемі 5,2 млрд.м3 құраған екен. Уақыт өте келе су қойма-

сының түбі біртіндеп шөгінділерге толып, су қоймасының көлемінің өзгеруіне әкеліп соққан (соңғы 55 жылда шөгінді тұнбасының көлемі шамамен 20% құрайды). Жаңа батиметриялық түсірілім су қоймасының нақты көлемін анықтау үшін жүргізілді.

Облыс әкімі Шардара қаласындағы «Шардара су электр станциясы» акционерлік қоғамына барды. Мұнда шығарылатын электр энергиясының 100% ішкі сұранысқа бағытталған. Өндірістік аумағы 2 гектар болатын кәсіпорын Қазақстан Республикасының оңтүстік аумағын электр энергиясымен тұрақты қамтамасыз ете алады.

«Шардара су электр станциясында» 158 адам жұмыспен қамтылған. Жылына 537 млн. кВт.сағат электр энергиясын өндіру жоспарланған.

АПАТТЫ ЖАҒДАЙДЫҢ АЛДЫН - АЛУ ЖҰМЫСТАРЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Түркістан облысында тасқынга тосқан шаралары пысықталды. Облыс аумағында су тасқынының алдын алу үшін негізгі іс шаралары күз-көктемгі су тасқыны кезеңіндегі төтенше жағдайлардың алдын алу, тасқын суларды қауіпсіз өткізуді қамтамасыз ету іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізілуде. Бұл бағытта 20 іс-шараны жүзеге асыру үшін облыстық бюджеттен 2 млрд. теңге бөлінген болатын. Маңызды мәселе облыс әкімі Дархан Сатыбалдының бақылауында. Облыс әкімі «Топан су қай жерімнен тап келеді?» деп болжамай, жауаптыларға нақты сақтану шараларымен айналысуды нықтап тапсырды. Барлық дайындықты мерзімінде орындауды ескертті.

Бүгінгі күнге Жол картасы аясында 11,2 шақырым арна түзету және жаға бекіту жұмыстары жүргізілді.

1,4 шақырым арнадағы жағасы тас салынған габион сеткасымен қапталды. Сонымен қатар облыс аумағындағы соңғы жылдары орын алған су басу жағдайларын ескере отырып, облыс әкімі Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен 24 инженерлік іс-шарадан тұратын «2023-2024 жылғы қыс-көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындықты жүргізу бойынша атқарылуы тиіс инженерлік іс-шаралар жоспары» бекітілген. Қазіргі таңда аталған іс-шаралардың екеуі Бөйдібек, Сарыағаш аудандарында толығымен аяқталып, Түркістан, Келес, Мақтаарал, Ордабасы, Сарыағаш, Сауран, Төлеби аудандарында тиісті инженерлік жұмыстар жүргізілуде.

— Табиғаттың тосын қылығын болжау қиын. Маған жалпылама әңгіме айтудың қажеті жоқ. ткен жылғы жағдай сабақ болу керек еді. Алайда қазірдің өзінде сіздердің келтірген дәйектеріңіз көңіл толтырмай тұр. Сондықтан, жағдайды тағы бір тексеріп алған абзал. Іс-шараларды қайта пысықтап шығу керек. Қайталап айтайын, аяқсыз қалған шараларды осы бастан реттеп тастамасаңыздар, жайылып аққан су шырғалаңға түсірмесіне кім кепіл?! Апатты жағдайға дайындықты былтыр бірнеше ай бойы жүргізген едік. Биыл талап күшейді. Тасқынга тосқауыл қоя алмасақ, жауаптыларды жаза күткенінен ескертемін, — деп қорытты сөзін Дархан Сатыбалды.

Толассыз жауған нөсер жауын салдарынан былтыр бірқатар ауданда жекелеген үй аулаларын су басып қалды. Сырдария өзенінің бойындағы елді мекендерді су басу қаупінің алдын алу үшін жүргізілген жұмыстар алдын ала қамданғанның нәтижесінде бес аудандағы 43 елді мекеннің су басу қаупі жойылған.

— Қазіргі таңда су қоймаларындағы жағдай тұрақты, жоспарға сәйкес толықтай сутару мерзімі аяқталғаннан кейін комиссиялық құраммен құзырлы мекемелердің мамандарын жұмылдыра отырып, зерделеу жұмыстары жүргізіледі. Қорытындысы бойынша, қосымша ақпарат өзіңізге ұсынылатын болады. Сонымен қатар Қапшағай су қоймасы күрделі жөндеуден, Майданта, Ырмақ-өзен су қоймалары ағымдағы жөндеуден өтуде. Ал, Ащы, Бөген, Қосқорған, Майданта су қоймалары мен Көксаарай су реттегішін күрделі жөндеуден өткізуге жобалық сметалық құжаттары әзірленуде. Облыс аумағындағы сел, сырғыма, қауіпті учаскелер белгілі. Жұмыстар күшейтіледі, — деді Түркістан облысы ТЖД бастығының орынбасары Ерік Сарыбаев.

Облыс әкімі су жүретін арық-атыздарды аршу, бөгеттердің сапасын тексеру, су бөгеттеріндегі ылғал мөлшерін дер кезінде реттеу, өзендер мен каналдардың табанын тазалау сынды шараларға баса назар аударуды тапсырды.

Халықты су тасқыны мен селден қорғау шаралары Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының жіті бақылауында. Келес өзенінде жүргізіліп жатқан арна түзету және жаға бекіту жұмыстары Төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында, сондай-ақ, Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен Келес ауданы аумағынан өтетін Келес өзенінің 12 жерінен су арнасын бұру жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі таңда Қошқарата ауылдық округінің Ұшқын, Мақташы ауылдары мен Бірлесу ауылдық округіндегі 28 Гвардия және Абай ауылы аумағындағы Келес өзеніне құятын арықты қайта қалпына келтіру және түзету жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстар жалпы ұзындығы 90 шақырымға жуық аралықты құрайды.

Ағымдағы жылы елімізде өкінішке орай төтенше жағдайлар көптеп орын алды. Сондықтан бұл салада қызмет атқаратын мамандардың да жұмыстары едәуір артқан. Әр төтенше жағдай орын алған тұста адама өмірі қыл үстінде тұратыны белгілі. Сондай жағдайға, орын алған оқиғаның түріне қарамастан құтқарушылар өз өмірін қатерге тіге отырып өзгенің өмірін сақтап қалу - басты мақсаты деп біледі.

ҚЫЗМЕТІНЕ АДАЛ



Бейбіт күннің батырлары соңғы кездері БАҚ беттерінде, әлеуметтік желілерде естіп, көріп жүрміз қыршынынан қиылып кете барғандардың қатары да аз емес екендігін. Бұл-өріне өз міндетіне адал, рухты азаматтар. Осындай орын алған жағдайда қасқая қарсы тұрып, міндетін аса жауапкершілікпен атқаратындардың қатарында Түркістан облысы Түлкібас ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері де бар.

2023 жылдың бірінші жарты жылдығында Түлкібас ауданы бойынша 103 хабарлама келіп түскен. Оның ішінде 14 (8) өрт мемлекеттік есепке алынып, оның 10 (4) өрт оқиғасы бойынша Қазақстан Республикасының ӘҚБтК сәйкес әкімшілік шара көрілді, 5 (5) хабарлама тергеу реттілігімен аудандық полиция басқармасына жолданды. 3 (1) авариялық-құтқару жұмыстарына атқарған.

ТІЛСІЗ ЖАУ — ТІРШІЛІККЕ ҚАУІПТІ

Өрт — аса қатерлі жау. Сондықтан да, бұған бей-жай қарауға болмайды. Айттып келмейтін апаттардан сақтану да күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі. Сондықтан, қай кезде де тілсіз жауға тосқауыл қажет. Күннің күрт ысуына байланысты табиғи өрттердің орын алу қаупі арта түседі. Аптапта, ыстық пен қуаңшылық кезеңінде ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаудың маңызы өте зор. Өрттердің көбі орман қорына көршілес орналасқан шаруа қожалықтары және ауыл шаруашылығы ұйымдарына тиесілі шабындықтарда өсімдік қалдықтарын жағу салдарынан болады. Сондай-ақ, табиғат аясында демалушылар мен тұрғындардың өрт қауіпсіздігін сақтамауы да орны толмас оқиғаларға ұрындырады.

Өрттің де, судың да артында адамның тағдыры тұр. Әсіресе жаз мезгілінде дала ыстықтан күннен-күнге



күйіп барады. Қуаңшылық орын алған жерде өрттің өршітіні бесенеден белгілі. Шөптердің жануына далада жатқан шыны, сынық әйнектердің қызуы, жол бойында автокөліктерден лақтырып кеткен, өшірілмеген темекі тұқылдары, найзагай, шөп ору жұмыстарына қатыстырылатын тракторлар мен агрегаттардың жарамды шоқ өшіргішпен жабдықталмауы себеп болуы ықтимал.

Қас-қағым сәтте қалың орманның өзін күлге айналдырып жіберетін өртпен, жазым болса тұңғиығына тартып кететін судың да адам үшін қауіп басым. Одан бөлек, күнделікті күйбең тіршілікте дұрыс қолданылмаған тұрмыстық заттар, электр тогының қысқа тұйықталуы, газ балондардың жарылуы адам өміріне, денсаулығына қауіпті едәуір зардап алып келетініне бүгін сіз бен біз күә болудамыз. Түлкібас ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі-

төрағасының 18.01.2023 жылғы (2022-2023 жылғы жылыту маусымы кезінде улы газбен уланудың алдын-алу және тұрмыстағы өрт қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары туралы), № 1 санды Өкіміне сәйкес Аудандық ТЖЖК отырысының хаттамасын да берілген тапсырмалар мен Түлкібас ауданының Төтенше жағдайлар бөліміндегі жұмыс жоспарына сәйкес үгіт насихат жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда: Үгіт насихат жұмыстарына Түлкібас ауданының ТЖБ, №2 М СБ, “Жас-Отан Жастар қанаты”, ауыл округі, АПБ, «Каз-ТрансГазАймақ» АҚ Түлкібас бөлімшесі, «ОңтүстікЖарық» ЖШС-нің қызметкерлерінің мамандары 18 рет тартылды. Аудан аумағында қауіпсіздіктің алдын-алу бойынша 21 980 үйдің 86 196 тұрғынына түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Білім беру мекемелерінде 1405 оқушылар мен ұстаздардың қатысуымен 10 рет нұсқаулық өтті. 2 рет Өрт бөліміне саяхат ашық есік күні өткізілді. Радио торабтар арқылы 60 рет хабарлама жүргізілді. Сайрам ақшамы телеарнасы арқылы “Тұрмыстық өрттерді алдын алу”, “Иісті газдан уланудың алдын алу” мақсатында 5 көрсетілім берілді. Шамшырақ газетіне 18 мақала жарияланды. Өлеметтік желілер

қағиданы ұстанып алғанымызбен қауіпсіздік шарасын естен шығарып алмамыз. Суга шомылу маусымының басталуына байланысты суда қаза болудың алдын алу үшін Түлкібас ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі шомылу маусымы кезіндегі қауіпсіздік шаралары тақырыптары бойынша «Сайрам Ақшамы» телеарнасынан 1-рет көрсетілім берді. «Шамшырақ» газет беттеріне апаттың алдын алу туралы 6 мақала жариялады. Аудан көлемінде өрт тілсіз жау, улы газдан абай болыңыз, шомылу кезіндегі сақтық тақырыпта барлығы 12 дана билборд қойылды. 51 012 дана ескертпе парақшалары таратылды. Арыс, Машат өзендері мен Құлан, сартөр су қоймаларына 28 дана Шомылуга тиым салынады белгілері қойылды. «Тұрмыстық өрттердің алдын алу», «Шомылу қауіпсіздігі» тақырыбында бейнеролик дайындалып білім беру бөліміне қарасты оқу орындарында онлайн форматта көрсетілді. Шомылуга белгіленбеген орындарда, Арыс өзені мен Машат өзені, Құлан, Сартөр су қоймаларында демалушыларға жұмысшы тобымен бірлескен 12 рет рейдтік түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қазақта: «От пен суга батырлық жүрмейді», – деген тәмсіл бар. Жастық жігерге салынып, суга шомылуда көзсіз ерлікке жол беруге болмайды. Дене қызып тұрып, бірден салқын суга секіруге де тыйым салынған. Алдымен денені суга үйретіп алу керек. Ол үшін аяққа, бет, құлақ және басқа, қол мен иыққа су тигізіп, денені қалыпты жағдайға келтіру керек. Бірден секіріп кеткен жағдайда аяқ-қолдың тартылуы суга батып кетуге әкеледі. Одан кейін жүзу білмеген жағдайда жағалаудан алыстамаған жөн екендігін ескертеді мамандар.

2023 жылдың 6 ай көлемінде Түлкібас ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлерімен Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бойынша Бұқаралық ақпарат беттеріне 7 мақала шығарылды. Түлкібас ауданының «Аманат» партиясының қатысуымен 4 рет сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне арналған тақырыпта жиын өткізіліп, жеке құрамға

түсіндірілді). 5 рет аудандық жол-көлік полициясы, орталық мешіт имамы қатысуымен бөлім қызметкерлері мен жеке құрамға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Атқарылған жұмыстар Фейсбук, Вконтакте, Инстаграмм әлеуметтік желілер мен Түркістан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің сайттарында шығарылды.

Ал, Түлкібас ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлерімен Азаматтық қорғаныс саласы бойынша 2023 жылдың оқу жаттығу жоспарына сәйкес:

1-Наурыз Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күніне «Шамшырақ» газетіне мақала жарияланды. «Абай атындағы мектеп лицейінде» барлық мектеп басшылары шақырылып тәжірбиелік сейсмо жаттығу өтті. ТО ТЖД және Түлкібас аудандық әкімдігінің әлеуметтік желілері арқылы шығарылды.

Түлкібас ауданының білім беру мекемелерінде АҚ бойынша іс-шаралар түзіліп мектептерде өңгіме сұхбаттар жүргізіліп, сейсмо-жаттығулар санитарлық талаптарды сақтау арқылы ұйымдастырылған.

2023 жылы аудан көлемінде «Көктем-2023» Командалық-штабтық оқу жаттығу, ауданымыздың бірқатар мекемелерімен өз деңгейінде өткізілді.

Аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі комиссияның екі рет отырысы өткізіліп, онда аудандық ТЖК төрағасымен Түлкібас ауданы бойынша ТЖ алдын алу және жоюға 2023 жылға арналған жұмыс жоспарындағы қамтылған мәселелер қаралған болатын. Су тасқынына қарсы алдын алу жұмыстары кезінде азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі комиссия төрағасының 2023 жылдардағы су тасқыны кезеңінде ауданның халқы мен аумағын су тасқынынан қорғау жөніндегі іс шаралар туралы 22.01.2023 жылғы № 1 өкімі бекітіліп Су тасқынына қарсы іс - жоспар бойынша жұмыстар атқарылды.

Сондай-ақ, ағымдағы жылы шалғай елді мекендерде, атап айтқанда «Кемербастау», «Балықты» маусымдық өрт сөндіру бекеттері ашылып, «Азия ПжТехСервис» ЖШС маусым айының бірінші жұлдызынан бастап жүйелі жұмыс атқарып, халыққа өз көмектерін көрсетуде.

Бөлім бастығының айтуынша алдағы уақытта, өрт көбінесе тұрғын үйлерде орын алғандықтан, атқарылатын өртке қарсы жұмыстардың негізгі бағытын тұрғын үйлерде өткізу және де дала өрттерінің алдын алу, жергілікті радиорубкада мен баспасөз беттерінде мақалалар жариялап, халықтар арасында жиындар өткізу және басқа да үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыру болып отыр.

Төтенше жағдай орын алғанда құтқарушылар қызметіне жүгінетініміз анық. Осындай сәтте сала басшылығы мен қызметкерлердің жұмысы сыналатыны ақиқат. Ал ержүрек жігіттер өміріне қауіп төнсе де, басын бөйгеге тігеді. Сын сағатта адамдарды өрттен де, судан да құтқарады. Ауа райына, уақытқа қарамай, тауға шығып, тасқа өрмелеуге, тіпті терең құдыққа түсуге дайын. Олар үшін ашылмай жатқан есік те түк емес. Үйіңізден шыға алмай қалсаңыз немесе кіре алмаған жағдайда құтқарушылар жаныңыздан әрдайым табылады.

Ұлжан НАУШАБАЕВА.

ҚҰТҚАРУШЫЛАР

нің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Б.Әзімбаевтың айтуынша ауданда өрттің негізгі шығу себептері көбіне төмендегі жағдайлардан болып жатады.

Яғни, - Қасақана өрт қою , автокөліктерде -3, тұрмыстық электр құралдарын пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамау, өздігінен жану, отты абайсызда пайдалану, тұрмыста печті пайдалану кезіндегі ҚЕ бұзу, электр құралдарын монтаж жасау және техникалық пайдалану ережелерін бұзу, жас балалардың отпен ойнауы. Бақтыбек Әзімбаевтың айтуынша, 2023 жылғы I жарты жылдық профилактикалық бақылау жоспарына сәйкес, 57 нысанға өрт техникалық тексеру жоспарланып, оның 53-і тексеріліп, 4 нысан (Тұраркен Су ЖШС, Титов ЖОМ, Ақсу-Жабағылы МТҚ, Макаренко ЖОМ талапқа сай болғандықтан тексерілмеген. Бақыланған 53 нысанға кемшіліктерді жою бойынша құжаттарын ұсынылған.

Өрт – тілсіз жау. рттің қай жерде және қашан шығуын болжау мүмкін емес. Ол кез-келген уақытта қауіпсіздік және техникалық ережелерді сақтамаған кезде болып тұратын жайт. Оны болжау да, дәл айту да мүмкін емес. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету адамдардың өмірі мен денсаулығын, меншікті, ұлттық байлық пен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік қызметтің ажырамас бөлігі болып табылады.

Жалпы кез-келген мәселеде алдын алу жұмыстары көп шығынға тосқауыл болады. Кейбір кезде қатерді болдырмауға дейін өз пайдасын тигізери анық.

Түлкібас ауданы әкімдігі ТЖЖК

арқылы ФБ, инстаграм, аудан әкімдігі, ТЖД сайттарын 64 рет шығарылды.

Жылыту маусымы бойынша аудан аумағында 4 билборд орнатылды. 17 000 дана ескертпе парақшалары таратылды.

Жаз мезгілінде күннің ыстығынан шаршаған жұрт суга түсуге асығады. Ағынды су адам бойындағы салқынды басып, бір сәт рахатқа бөлейді. Алайда, суга шомылу ережелерін сақтамасақ, арты қайғылы жағдайға апарып соқтыруы мүмкін. Жаздың ыстық күнінде адамдар өзендер мен көлдерге асығады. Салқын суга шомылу, ыстық құмға жату, көл немесе өзен жағасында серуендеу керемет-ақ. Мұндай демалыс кезінде су тек жанға рахат сыйлап қоймайды, сонымен бірге, ол үлкен қауіп төндіретінін әрдайым есте ұстау керек. Тіпті, тыныш су беті, айқын қауіпсіздікке қарамастан, қауіп-қатерге толы.

Көбіне жас жеткіншектердің суга шомыла алмауы, олардың суда қауіпсіздік ережелерін орындамауы орны толмас қайғы мен өкінішке әкеліп жатады. Біз көбінесе балаларды өз еркімен жіберіп қоямыз. Баланы еркін ұстау керек деген



ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ТҰҢҒЫШ МАТЕМАТИК *Әйел*



Мұғалим - әр адамның өмірінде кездесетін адам. Ол әр баланың жадында жан жылуымен сақталады. Ұстаз - жаңа ұрпақты өз өнегесімен болашаққа жетелейтін тұлға. Жастардың санасына өмір салтын, мінез-құлық ережелерін тәрбиелейді.

Осындай бар ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған жан, қазақтың қайсар қызы, Орта Азиядан шыққан тұңғыш математик Мәлике Әбеннова.

Мәлике Әбенқызы 1936 жылы 22 қарашада Түркістан облысына қарасты Арыс қаласында қарапайым теміржолшының отбасында дүниеге келген. Әкесі Исахов Әбен Арыс станциясында теміржол саласында слесарь болып еңбек еткен. Анасы Исахова Ханзада үй шаруасындағы әйел болған. Мәлике Әбенқызы 1942 жылы Арыс қаласындағы Киров атындағы мектепке 1 сыныпқа барып, аталған оқу ордасын 1954 жылы алтын медальмен аяқтайды. Жастайынан қоғам жұмыстарына белсене араласқан. Еліміздің басына күн туған Ұлы Отан соғысы жылдарында жаста болса мақта теріп, егіс науқаны кезінде бидай орып, Арыс станциясындағы астық дайындау пунктінде вагондарға астық-бидай артып, майдандағы сарбаздарға жету үшін бала болса да өз үлесін қосқан. Сол үшін бейбіт заманда соғыс жылдарындағы еңбегі ескеріліп, “Тыл ардагері” деген атақ берілді. Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетіне емтихансыз физика-математика факультетіне түсті. Университеттегі өте жақсы үлгерімі үшін сол кездегі ең жоғарғы Лениндік шәкіртақы алып оқыды. Жоғары оқу орнын 1959 жылы бітіргеннен соң, жолдамамен Шымкенттегі Крупская атындағы педагогикалық институтқа келіп, “Элементарлық математика” кафедрасына оқытушы болып қабылданды. Осы институтта мұғалім қызметін атқара жүріп, 1961 жылы Ташкент университетінің математикалық физика мамандығының аспирантурасына түсіп, оны 1964 жылы үздік бітірген. 1964 жылдан бұрын қызмет еткен Шымкенттегі педагогикалық институтқа “Жоғары математика” кафедрасына аға оқытушы болып қайтадан қызметке қабылданды. 1966 жылы Москва қаласында физика-математика ғылымдарының кандидаттығына диссертация қор-

ғады. Оңтүстік өңірінен шыққан қазақ қыздарының арасында алғашқы болып математик ғалым кандидаты, 1970 жылы доцент атағына ие болды. 1971 жылы жоғарғы математика кафедрасының меңгерушісі, 1974-1977 жылдары отбасы жағдайына байланысты Алматыдағы Қазақ ұлттық университетінің математикалық физика кафедрасында доцент қызметін атқарды. 1977 жылы Шымкентке қайта келіп, “Геометрия және матема-

тиканы оқыту әдістемесі” кафедрасының меңгерушісі болды. 1998 жылы Шымкенттегі педагогика институты ХҚТУ құрамына кіруіне байланысты, білім мен ғылым саласындағы көп жылғы еңбегі ескеріліп, ХҚТУ университетінің профессоры ғылыми атағы берілді. Институтта еңбек еткен жылдары Қазақ ССР оқу министрлігі “Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері” төс белгісімен, Облыс әкімі Асқар Мырзахметовтен “Облысқа сіңірген еңбегі үшін” медалімен марапатталып және тағы да басқа атақтарға ие болды. Ұзақ жылдар оқыған лекциялары негізінде “Математика тарихы”, “Дифференциалды геометрия және топология”, “Мұсылмандардың Ай күнпарағы”, “Қазақтың Ай күнпарағы” атты оқулықтар мен көмекші құралдар жазған.

Ұстаз-ғалым білім беру саласында қызмет ете жүріп, 40-тан астам ғылыми мақала жариялап, 3 баспадан көмекші құралы, 2 оқулығы жарық көрді. Осы 1959 жылдан бастап өмірінің соңғы күндері 2014 жылға дейін қатардағы мұғалімдіктен бастап, кафедра меңгерушісі қызметін атқара жүріп, студенттерді ұлағатты ұстаздық мамандыққа, терең білімге, оқушылар алдындағы жауапкершілікке тәрбиелей алды. Мұғалім болу — нағыз өнер. Мәлике Әбеннова — болашақ ұстаздарға терең біліммен сусындап, өзінің жүріс-тұрысымен мәдениеттілікке үлгі болып, оларға өнеге бола алды. Өзімен қызметтес әріптестеріне ақыл-кеңестерін айтып, үзеңгілес жүрген мұғалімдерге сыйлы және құрметті ұстаз бола білді. Өзінің 55 жылдық ұзақ ұстаздық еңбек жолында Әбеннова Мәлике Әбенқызынан төлім-тәрбие, білім алған бұрынғы студенттер, қазір ұлтты тәрбиелеп жүрген ұлағатты ұстаздар.

Осындай еңбегімен елге танылған, қазақтан шыққан тұңғыш математик - Мәлике Әбенқызының есімін кейінгі ұрпаққа мәңгі үлгі ету мақсатында Шымкент қаласы, Түркістан облысының білім орадларына атын берсе құба-құп болар еді...

Ұлжан КАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

«Ауыл аманаты» жобасы Түркістан облысында өзінің экономикалық және әлеуметтік тиімділігін көрсете бастады. Ауыл тұрғындары өз кәсібін ашып не дамытуды қолға алған. Тұрғындардың әл-ауқатын арттырып, табысын молайтуға негізделген «Ауыл аманаты» жобасы аясында Түркістан облысында 3 220 жоба қаржыландырылады. 3500 -ге жуық жаңа жұмыс орындары ашылады деп күтілуде.

АЕК алатындар саны азайып, тұрғындардың күнкөріс деңгейі 1,5 есеге ұлғаяды деп жоспарлануда. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында атаулы әлеуметтік көмек алушыларға қолдау көрсетіп, оларды кәсіпке бейімдеу жоспарланған.



АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ «АУЫЛ АМАНАТЫНАН» ТАБЫС ТАБА БАСТАДЫ

Төлеби ауданында да «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында кәсібін іске асырып жатқан жеке шаруалар қатары күн санап артуда. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды Төлеби ауданындағы бірнеше ауылдық округінде болып, ауылдың тыныс-тіршілігін көріп қайтты. Сапар барысында ауылда жаңадан қолға алынып жатқан «Ауыл аманаты» жобасының барысымен танысты. Ауыл тұрғындары кәсібін дөңгелетуді көздеп, несие алған.

Облыс әкімі жаңа мүмкіндікті пайдаланып, жеке кәсіпкер қымыз және саумалымен сауықтыру орталығының жұмысын дамытпақ. Зертас елді мекенінің тұрғыны алдағы уақытта сал ауруына шалдыққан балаларды үйретілген аттарға мінгізіп емдеуді жоспарлауда.

Ал Көксәйек елді мекенінде «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында іске асырылып жатқан жеке шаруа мал бордақылау ісін ұлғайтуды қолға алған. 7,5 млн.теңге несие алып, Жамбыл облысынан 22 бас ірі қара сатып алған ол, алдағы уақытта қосымша жылқы бордақылауды жоспарлауда. Дархан Сатыбалды ағаш аралас көмір брикеттенін шығаратын цехта болды. Жеке кәсіпкер жаңа бағдарламаның көмегімен кәсібін ұлғайтпақ. Айтуынша, экологиялық тұрғыда тиімді тауардан түсетін табыс та жоғары.

— Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ауылдарды дамытуға ерекше назар ауда-

руды тапсырған болатын. Қазіргі уақытта «Ауыл аманаты» бағдарламасының аясында шаруаларды несиелендіру жүргізілуде. Жаңа жоба біздің өңіріміз үшін өте маңызды. «Ауыл аманатын» іске асыру ауылдарды сақтап қалуға және халықтың қалаға көші-қонын қысқартуға, кәсіпкерлікті дамыту арқылы жаңа жұмыс орындарын құруға, жұмыссыздықты азайтуға, халықты сапалы азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ауқымды жоба. Жобаның тиімді шарттарының бірі — кредиттері бар және аз қамтылған, көп балалы отбасыларға тауарлық кредит беру тетігі болып отыр. Ерекшелігі — бюджет қаражаты жұмсалмайды. Кепіл қажет емес, пайыздар жоқ. Республика бойынша алғаш рет ұйымдастырылып отырған бірегей жоба белсенді атсалысып, табыс табуға шақырамын, — деді Дархан Сатыбалды.

Сонымен қатар облыс басшысы несие алуға ниет білдірген тұрғындармен кездесіп, өтініштерін тыңдап, жобаның маңыздылығын түсіндірді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асып жатқан жаңа жобаның мақсаты — ауыл халқының табысын арттыру, тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған.

Айта кету керек, Үкіметтің 2025 жылға дейін халықтың табысын арттыру бағдарламасын орындау мақсатында елімізде «Ауыл аманаты» жобасы басталған

болатын. Жоба ауыл тұрмысын жақсартып, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруды көздейді. Жоба аясында ауыл тұрғындары өз кәсібін ашып, қосалқы шаруашылықпен айналысатын болады. Есік алдындағы жерлерін игеріп, ауладағы мал шаруашылығын дамытып және өзге де кәсіп түрлерімен айналысу тұрғындардың негізгі мақсатына айналмақ.

Төлеби ауданында бағдарлама аясында Киелітас, Көксәйек ауылдық округтерінің азаматтарына несие беру жоспарланған болатын. Сонымен қатар, аудан тұрғындарының сұранысы бойынша, Бірінші Мамыр және Қаратөбе ауылдық округтерінің азаматтары да аталған бағдарламаға енгізіліп отыр. Бүгінгі күнге 209 млн. теңгеге 37 азаматтың жобалары қаржыландырылды.

Пилоттық жобаны Түркістан облысында жүзеге асыруға 16 ауданнан 64 ауылдық округ анықталып, 75 кооператив құрылған. Жобаны қаржыландыруға республикалық бюджеттен 19,8 млрд. теңге қаржы бөлінген.

«Түркістан» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ - на «Ауыл аманаты» жобасы бойынша облыс көлемінде 13,9 млрд теңге құрайтын 2 248 жобаға өтініш қабылданған. Оның ішінде, жалпы соммасы 9 млрд теңгені құрайтын 1 611 жоба мақұлданып, 4,6 млрд теңге құрайтын 852 жоба қаржыландырылды.

Салтанат РҮСТЕМБЕК.

ЖЕТІСАЙДА ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ САЛЫНАДЫ

Түркістан облысы, Жетісай ауданында жеке инвестор есебінен заманауи медициналық орталық салынады. Облыс әкімі Дархан Сатыбалды бүгін инвесторлармен кездесіп, жаңа жобаны жүзеге асыру жолдарын талқылады. «Al-Razi Medikal» ЖШС-ң өкілдері 3 гектар жерге емхана мен көпбейінді реабилитациялық орталық салуды көздеп отыр. Жоба құны — 7 миллиард теңге.

800 келушіге арналған емханада диагностикалық орталық орналасады. Екіқабатты ғимараттың жалпы аумағы - 5 мың шаршы метр. Ал, 96 төсек-орынға лайықталған көпбейінді реабилитациялық орталықта физиотерапия, онкология, кардиология, инсульт орталығы, жарақат бөлімшелері ашылады. 200 жұмыс орны ашылады. Оның 50-і бейінді дәрігерлер.

— Денсаулық сақтау саласына инвестиция тарту мәселесі ұдайы назарда. Әсіресе оңтүстік аумақтарда жаңа медициналық орталықтар салуға күш салынған. Бүгінгі күнде халықтың өмір сүру ұзақтығының артуына байланысты, сонымен

қатар медициналық технологиялардың жетілуіне қатысты халықтың сұранысы да артты. йткені заманауи техникалар мен озық әрі сапалы медициналық аппараттар көбейген сайын халықтың да сенімі нығайды. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауында медицина саласын назардан тыс қалдырған емес. Қазіргі денсаулық сақтау саласы қымбатқа түсетін стационарлық емге емес, негізінен аурудың алдын алуға бағытталған, деді облыс әкімі Дархан Сатыбалды.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Сарыағашта республикалық бюджет есебінен перинаталды орталығы бар көпсалалы медициналық кешен салынады. 10 гектар жерде бой көтеретін кешенде перзентхана, көпсалалы аурухана, емхана және өкімшілік ғимарат орналасады. Көпсалалы кешен ашу Келес, Жетісай, Мактаарал және Шардара аудандарының халқына білікті медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Жомарт БЕГІМБЕТ.



Открылось наследство

*** Открылось наследство после смерти гр. Джаманкараева Тимура Сындаровича, умершего 04.08.2020г. Наследникам обращаться к нотариусу Тойчи А.Р. г.Шымкент ул Калдаякова 8-7 тел.8-705-758-88-08.

*** Открылось наследство после смерти гр. Мирасланова Мирфазия умершего 06.11.2022г. Наследникам обращаться к нотариусу Тойчи А.Р. г.Шымкент ул Калдаякова 8-7 тел.8-705-758-88-08.

*** Открылось наследство после смерти гр. Аманбаева Жаппаркул Абдикаримовича, умершего 25.07.2021г. Наследникам обращаться к нотариусу Кожановой Д.Р. г.Шымкент Тамерлановское шоссе 22.тел.8-771-307-55-22.

*** Открылось наследство после смерти гр. Иманәліұлы Бердалы, умершего 31.08.2022г. Наследникам обращаться к нотариусу Имановой Г.А. г.Шымкент 3 мкр. дом 3 В. тел.8-701-729-25-41.

*** Открылось наследство после смерти гр. Аккасыновой Калдыгуль Калжановны, умершей 02.12.2019г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул Мадели кожа 1 Г тел.8-705-682-20-75.

*** Открылось наследство после смерти гр. Хамидуллиной Агираф, умершей 15.05.1995г. Наследникам обращаться к нотариусу Бабаевой Л К г.Шымкент ул Желтоксан 20Б.111к. тел.8-701-721-43-83.

*** Открылось наследство после смерти гр.Зайцевой Александры Васильевны, умершей 03.04.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Салибековой А.Т. г.Шымкент ул.Рыскулова 30/2 .

*** Открылось наследство после смерти гр.Сейтова Каната Жолбарысовича, умершего 02.07.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Мусаевой А.Н. г.Шымкент ул.Жангельдина 19/2 тел.8-701-717-15-35.

*** Открылось наследство после смерти гр. Сатканова Куанышбека Есиркеповича, умершего 19.06.2019г. Наследникам обращаться к нотариусу Калиевой Р.С. г.Шымкент мкр Терискей 67 Б. тел.8-707-505-23-25.

*** Открылось наследство после смерти гр. Крайновой Анны Дмитриевны, умершей 04.05.2009г. Наследникам обращаться к нотариусу Кожобековой А.С. г. Шымкент пр.Тауке хана 33-1 тел.21-17-01.

*** Открылось наследство после смерти гр.Орынбасарова Багдата Галиевича, умершего 14.08.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Тойчи А.Р. г.Шымкент ул Калдаякова 8-7 тел.8-705-758-88-08.

*** Открылось наследство после смерти гр.Азизова Собира Сарваловича, умершего 11.05.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул Тулеметова 35. тел.8-707-848-38-58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Аултаевой Жаксыкыз, умершей 29.05.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Ускенбекову А.А. г.Шымкент пр. Кунаева 3/3 тел.8-701-321-14-38.

*** Открылось наследство после смерти гр. Логвиненко Мария Ивановна, умершей 03.08.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Кривцовой О.Г. г.Шымкент ул Кабанбай батыра 5 тел.8-705-460-20-04.

*** Открылось наследство после смерти гр. Нурымбетова Абзала, умершего 04-07-2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Ингенбаевой Р.А. г.Шымкент ул.Кабанбай батыра 14/23 тел.8-701-407-52-26.

*** Открылось наследство после смерти гр.Сайденовой Галины Валентиновны, умершей 17.08.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Сагындыковой К.Ж. г.Шымкент ул.Дулати 2-9 тел.8-702-957-94-35.

*** Открылось наследство после смерти гр. Бальмовой Эльвиры Сисенгалиевны, умершей 28.01.2023г.Наследникам обращаться к нотариусу Сулеймен С.У. г.Шымкент мкр. Отырар 59-26. тел.8-778-402-83-83.

*** Открылось наследство после смерти гр.Сауленбековой Динары Калдаровны, умершей 23.06.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Бейсенбаевой Р.У. г.Шымкент ул Аскарлова 3 тел.8-777-094-27-44.

*** Открылось наследство после смерти гр. Акбергеновой Бакыткул Гайбуллаевны, умершей 16.08.2015г. Наследникам обращаться к нотариусу Шолпанкуловой Э.М. г.Шымкент пр.Республики 13-2 тел.8-701-336-76-76.

*** Открылось наследство после смерти гр.Кузнецова Владимир Викторовича, умершего 22.05.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Шолпанкуловой Э.М. г.Шымкент пр.Республики 13-2. тел.8-701-336-76-76.

*** Открылось наследство после смерти гр.Желтобрюхова Виталий Петровича, умершего 12.05.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Сагындыковой К.Ж. г.Шымкент ул.Дулати 2-9 тел.8-702-957-94-35.

*** Открылось наследство после смерти гр. Буранбаева Албека, умершего 28.12.2022 г. Наследникам обращаться к нотариусу Айтмирзаевой А.А. г.Шымкент ул.Бейбитшилик 22/36. тел.8-776-306-00-73.

*** Открылось наследство после смерти гр. Ибраимова Казбека Турабаевича, умершего 14.07.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Усмановой А.А. г.Шымкент ул Иляева 17. тел.8-776-359-59-14.

*** Открылось наследство после смерти гр.Жадикова Куттыбека Жаркинбековича, умершего 01.03.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Жанузак Г.А. г.Шымкент ул.Аскарлова 32. тел.8-701-753-69-00.

*** Открылось наследство после смерти гр.Исмаилова Байрам Ниясовича, умершего 07.03.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу

Мырзакул Р.С. г.Шымкент ул Алдиярова 95. тел.8-702-721-90-98.

*** Открылось наследство после смерти гр.Байдибекова Рахимберди Шалхаровича, умершего 10.02.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Куттыбаевой У.Ж. г.Шымкент ул Байтерекова 89. тел.8-702-811-45-35.

*** Открылось наследство после смерти гр. Маркова Сергея Дмитриевича, умершего 07.04.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Досимбековой Т.В. г.Шымкент ул.Иляева 4-81 тел.8-701-727-45-71.

*** Открылось наследство после смерти гр.Атяжевой РайсаГеоргиевны, умершей 21.05.2011г.Наследникам обращаться к нотариусу Батырхановой Г.Ж. г.Шымкент ул Капал батыра 7 тел.8-708-890-10-21.

*** Открылось наследство после смерти гр. Мылтыкбаева Калбай, умерши 01.06.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул Тулеметова 35. тел.8-707-848-38-58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Махтабековой Алпия Алмасбековны, умершей 16.07.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул Тулеметова 35. тел.8-707-848-38-58.

*** Открылось наследство после смерти гр. Казакова Владимир Ивановича, умершего 30.03.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Акшабаевой А.А. г.Шымкент ул.Иляева 22-23.

*** Открылось наследство после смерти гр. Сейжанова Кант, умершей 01.07.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Тайтеевой К.Ш. г.Шымкент Тамерлановское шоссе 6-2 тел.8-701-738-26-67.

*** Открылось наследство после смерти гр.Дуанбаева Бекбола, умершего 26.06.2022г. Наследникам обращаться к нотариусу Жанузак Г.А. г.Шымкент ул.Аскарлова 32. тел.8-701-753-69-00

*** Открылось наследство после смерти гр.Галиевой Флюры Аркадиевны, умершей 07.03.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Ундербаеву Е.А. г.Туркестан ул.Толуби 61 тел.8-778-287-05-10

*** Открылось наследство после смерти гр. Шигирбаева Сермаханбета Сибавича, умершего 27.05.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Альчикеновой Ж.С. г.Шымкент ул Мадели кожа 1 Г. тел. 8-705-682-20-75

*** Открылось наследство после смерти гр.Марфенко Виктора Петровича, умершего 28.02.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Жандарбековой Н.Ж. г.Шымкент ул.Дулати 205/3 тел.8-705-410-09-24.

*** Открылось наследство после смерти гр.Раева Аскара Мекемтасовича, умершего 24.07.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Мухитдиновой Г.Т. г.Шымкент ул.Момышулы 4-15. тел.8-701-657-18-54.

*** Открылось наследство после смерти гр. Алдамурат Тасбике Комекбайкызы, умершей 19.03.2010г. Наследникам обращаться к нотариусу Тасполатовой Г.Т. Туркестан. обл. с. Тамерлан ул.Кажымукана 22 тел.8-776-539-52-65.

*** Открылось наследство после смерти гр.Пешехонова Юрий Васильевича, умершего 17.04.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Ахметовой А. г.Шымкент мкр. Спортивный 7 тел.8-701-354-27-83.

*** Открылось наследство после смерти гр. Батыркулова Берик Бектанулы, умершего 15.08.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Шолпанкуловой Э.М. г.Шымкент пр.Республики 13-2. тел.8-701-336-76-76.

*** Открылось наследство после смерти гр.Әшімов Сабыржан Сейдазұлы, умершего 02. 07.2023г. Наследникам обращаться к нотариусу Куттыбаевой У.Ж. г.Шымкент ул Байтерекова 89. тел.8-702-811-45-35.

Жарамсыз деп танылсын

*** 1976ж.туылған Жолтаева Меруерт Бекболатқызына тиесілі “Күміс алқа” кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1980 ж.туылған Мамейова Гауһар Рашитқызына тиесілі “Күміс алқа” кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1981 ж. туылған Бинашева Молдир Сапаралиевнаға тиесілі “Күміс алқа” кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 2000ж.туылған Рахмаш Айғаным Қайратқызына тиесілі Қарағанды Медициналық Университетінің студенттік билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Утерьянные документы; ИП “Бахытжан” Иностранные бланки разрешения Польша универсальные № 6628058-считать недействительными.

*** Утерьянные документы: ТОО “Standart Alatau” Иностранные бланки разрешения Польша универсальные №6628186, 6629843-считать недействительными.

*** Утерьянные документы: ИП “TRANS ELITE SERVICE” Иностранные бланки разрешения Беларусь 3 стран.№ 2114060, Германия Евро 5 №9605976, Литва универсальные №782783, Польша универсальные №6629424, Латвия универсальные №444381, 444382, Германия Евро 5 № 9605978, 9605979. Литва транзит № 788240,788241, Литва универсальные №782770 -считать недействительными.

*** 1964 ж.туылған Омарава Жидекул Әділбайқызына тиесілі “Алтын алқа” кітапшасының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ХАБАРЛАНДЫРУ

“ШАБИТЕКС” ЖШС “Оңтүстік” АЭА аумағында аралас және мақта-мата киім маталарын өндіру жұмыс жобасы бойынша “қоршаған ортаны қорғау” бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Жоба бойынша құжаттама орналастырылған сайт-тың мекен-жайы, сондай-ақ ескерту-лері мен ұсыныстары қабылданады: // ecorportal.kz, 2023 жылдың 5 қыркүйегінен бастап бес жұмыс күні ішінде қол жетімді болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ШАБИТЕКС» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по Раздел «Охрана окружающей среды» по рабочему проекту «Производство смесовых и хлопчатобумажных одежных тканей на территории СЭЗ «ОНТУСТИК». Адрес сайта где размещена документация по проекту, так же где принимаются замечания и предложения [https:// ecorportal.kz/](https://ecorportal.kz/), будет доступна с 5 сентября 2023 г в течении пяти рабочих дней.

Ликвидация

г.Шымкент мкр.Казыгурт ул.Габуллина 22.

*** ПК “Садоводческое товарищество “КАРАКУЛЬ” объявляет о своей ликвидации (БИН 030840024111) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан Туркестан.обл. Бадамский сельсеии округ с.Кокбулак д/м Каракуль.

*** ТОО “Думан-Трейд” объявляет о своей ликвидации(БИН 210240022576) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент ул Алтын сака 62.

*** ТОО “Алтын Дана” объявляет о своей ликвидации(БИН 200340007425) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент мкр.Нурсат дом 85-6

*** ТОО “Димаш Фарм и Компания” объявляет о своей ликвидации (БИН 161140004852) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г. Шымкент мкр.Катын копр ул.Темиртау дом 2.

*** ТОО “VALENTINE “ объявляет о своей ликвидации (БИН 071140022683) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент ул.Арынбай ақына 97 А. кв.29.

*** ТОО “Би Тех Хим” объявляет о своей ликвидации (БИН 191040028534) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан



Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу күші берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ» Медиа ЖШС

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ
НАУШАБАЕВА -
Бас редактор

Сейсенбай АХМЕТ -
журналист

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

160000, Шымкент қаласы, Ф.Ляев көшесі, 29.

E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші

Қайрош АЙПЕШОВ - Тарату бөлімі

Ұлжалғас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама



Мәқаланың жариялану аяқталғаны

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,

Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,

Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25

Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 776 332 26 61

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды.

Шымкент қаласы, Ф.Ляев көшесі, 29.

Жазылу индексі

65836

Таралымы: 6070

Нөмірдің кезекші редакторы - Аралым ӘБСАПАТ

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асып материалдар қабылданбайды.

«Айғақта» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ОДАҚТАН КЕЛГЕН ИМПОРТ

Еуразиялық одақта мүше мемлекеттерден алып келінген тауарларға қысқаша мазмұндама.

Салық кодексінің 456 бабының 2-ші тармағы бойынша Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды импорттаған жағдайда, өз уақытымен қосымша құн салық төлемін төлеп және 328.00 салық есептілігін тапсыру керек.

Егер салық төлемі өз мерзімінен кешігіп төленген жағдайда;

Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 287-бабының 1-ші тармағында көрсетілгендей айыппұлдар түзіледі. Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды импорттау, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде салық төлеушілердің Қазақстан

Республикасының салық заңнамасында белгіленген міндеттерді орындамауы, сондай-ақ тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды орындамауы

1. Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде жанама салықтарды төлемеу, толық төлемеу не уақтылы төле-

меу — жеке тұлғаларға — он, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға — отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне — қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға өкеп соғады.

Г.АЛТЫНБЕК,
дл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының салықтық әкімшілендіру бөлімінің бас маманы

ХАБАРЛАНДЫРУ

"МедЭко-Сервис ЛТД "ЖШС "Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қапал батыр көшесі, "Оңтүстік" индустриялық №302/1) аймағы мекенжайы бойынша медициналық қалдықтарды кәдеге жарату бойынша инсинератор пешін орнату" жобасы бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдау 2023 жылғы 03 қазанда сағат 15:00-де Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қапал батыр көшесі, "Оңтүстік" индустриялық аймағы, №302/1 мекенжайында өтеді. Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы орган, "Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы" мемлекеттік мекемесі. Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық сайт мекенжайы <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar?lang=ru> сондай-ақ ресми сайт <https://ecorportal.kz/>. жоба бойынша құжаттама <https://ecorportal.kz/>. Жұртшылық өкілдері жоба материалдарымен қағаз түрінде таныса алатын орынның мекенжайы – Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 20 б. Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: "МедЭкоСервис ЛТД" ЖШС, БСН 2306-40002153, орналасқан жері: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-1 шағынауданы, № 1173 ұй, пошта индексі 16000. Құжаттаманы әзірлеушінің атауы және қантәтілік деректері: "Каз Гранд Эко Проект" ЖШС, тел, 8(775)3245005 Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі 20 б. БСН 11104000-1588 Банк: "Банк ЦентрКредит" АҚ Банктің БСК: КСJBKZKX. Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады: 87023322580, sholpik-@mail.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО "МедЭко-Сервис ЛТД" проводит общественные слушания по Отчету о возможных воздействиях на окружающую среду по проекту «Установка инсинераторной печи по утилизации медицинских отходов по адресу: г Шымкент, Енбекшинский район, улица Капал Батыра, индустриальная зона «Оңтүстік». №302/1». Слушания состоятся 03 октября 2023 г. в 15:00 по адресу г.Шымкент, Енбекшинский район, улица Капал Батыра, индустриальная зона «Оңтүстік», №302/1. Местный исполнительный орган ответственный за организацию общественных слушаний – ГУ "Управление развития комфортной городской среды города Шымкент" Адрес электронной почты местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-tabigi-resurstar?lang=ru>, так же официальный сайт <https://ecorportal.kz/>, Документация по проекту размещена на <https://ecorportal.kz/>. Адрес где представители общественности могут ознакомиться с материалами проекта в бумажном виде – город Шымкент Ул.Байтұрсынова 20 б. Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: ТОО "МедЭко-Сервис ЛТД", БИН 230640002153, Местонахождение: г. Шымкент, Абайский район, Микрорайон Самал-1, дом №1173, почтовый индекс 16000. Наименование и контактные данные разработчика документации: ТОО «Каз Гранд Эко Проект», тел, 8(775)3245005 город Шымкент ул.Байтұрсынова 20 б. БИН 1110400015-88 Банк: АО «Банк ЦентрКредит» БИК банка: КСJBKZKX. Дополнительную информацию можно получить по: 87753245005, sholpik-@mail.ru

ХАБАРЛАНДЫРУ

"Түркістан ПМУ" ЖШС "Түркістан облысында қуаты 1000 МВт ПМУ базасында электр станцияларын салу. Бадам су қоймасынан су құбырын салумен су алу жүйесі" жұмыс жобасы бойынша "қоршаған ортаны қорғау" бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Жоба бойынша құжаттама орналастырылған сайттың мекен-жайы, сондай-ақ ескертулері мен ұсыныстары қабылданады: <https://ecorportal.kz/>, 2023 жылдың 6 қыркүйегінен бастап бес жұмыс күні ішінде қол жетімді болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ПГУ Туркестан» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по Раздел «Охрана окружающей среды» по рабочему проекту «Строительство электростанций на базе ПГУ мощностью 1000 МВт в Туркестанской области. Система водозабора с Бадамского водохранилища со строительством водовода». Адрес сайта где размещена документация по проекту, так же где принимаются замечания и предложения <https://ecorportal.kz/>, будет доступна с 6 сентября 2023 г в течении пяти рабочих дней.

ХАБАРЛАНДЫРУ

1-ші сәуірден бастап «SMART» жалпы орта білім беретін мектебі жаңа 2023-2024 оқу жылына 1-ші сыныпқа оқушылар қабылдайды (қазақ, орыс тілінде оқыту).

Сыныпта 14-16 оқушыдан.

Байланыс телефондары:
87079694427, 87759005891,
87789798910, 87017373778 87071110959

КАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ
ФИНАНСОВЫЙ ЦЕНТР
WWW.FINCENTER.KZ

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР
Бұл жекеменшік мектеп жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады

АТА-АНАНЫ ТӨЛЕМІ ЖЫЛЫНА 1200 АЕК-ТЕН АСПАУЫ КЕРЕК
(2023 жыл - 4 340 000 теңге)

АТА-АНА ТӨЛЕМІ АСЫП КЕТКЕН ЖАҒДАЙДА «ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ-НА ХАБАРЛАСУЫҢЫЗДЫ СУРАЙМЫЗ

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ:
8-7172-695-037, 8-7172-695-058

WHATSAPP СИСТЕМСІ

ОБЪЯВЛЕНИЕ

С 1-го апреля на новый 2023-2024 учебный год общеобразовательная школа «SMART» объявляет набор учащихся в 1-ый класс (с казахским, русским языком обучения). Наполняемость в классе 14-16 учащихся.

Обращаться по телефону:
87079694427, 87759005891,
87789798910, 87017373778 87071110959

КАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ
ФИНАНСОВЫЙ ЦЕНТР
WWW.FINCENTER.KZ

УВАЖАЕМЫЕ РОДИТЕЛИ
Данная частная школа является получателем государственного образовательного заказа в рамках подушевого нормативного финансирования

РОДИТЕЛЬСКАЯ ОПЛАТА НЕ ДОЛЖНА ПРЕВЫШАТЬ 1200 МРП ЗА ГОД
(до 2023 год - 4 340 000 теңге)

В СЛУЧАЕ ПРЕВЫШЕНИЯ РОДИТЕЛЬСКОЙ ОПЛАТЫ ПРОСИМ ОБРАТИТЬСЯ В АО "ФИНАНСОВЫЙ ЦЕНТР"

ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ:
8-7172-695-037, 8-7172-695-058

ССЫЛКА НА WHATSAPP

ӘЛЕМДЕ 5 ЖАНУАР

АДАМДЫ ЕМДЕУГЕ ҚАБІЛЕТТІ

Ғалымдар адамдарды емдеулері мүмкін хайуандар тізімін тізіп, «шиппагер-жануарлар» бестігін анықтады. Зерттеушілердің пайымдауынша, көпші мысықтар бастаса, онан кейінгі орындарға иттер мен жылқылар, аралар мен жыландар жайғасқан.

Зерттеу жұмыстарын жүргізуге әлемнің түкпір-түкпіріндегі елдердің ғалымдары қатысқан. Олар сонда мысық тектес тердің невроз және депрессия сырқаттарын, сондай-ақ, ас қорыту жүйелерін емдеуге қабілетті екендеріне көз жеткізген. Тәжірибе жасаушылар осы ретте мысықтың жанында 20 минут жатқан адамның қан қысымы мен жүрек соғысының қалыпқа келетінін дәлелдейтін айғақтар келтіреді. Ал зерттеуші мамандар

итті «тірі сканер» деп бағалап отыр. Себебі, төбеттер тіпті жаңа басталып келе жатқан қатерлі ісік ауруларының өзін анықтай алады екен.

Психикалық ауытқушылықтары бар кісілердің жылқыны көбірек пайдаланғандары абзал. Оның үстіне жалаң мінген жандарға осы біраз шипа көрінеді. Атпен серуендеу аутист-балаларға да пайдалы болып шықты.

Жыланның уы мен араның балы медицинада баяғыдан кеңінен қолданылады. Олар көп жағдайда ұмытшақтықпен және невралгиямен ауыратын адамдарға шипа береді. Сол сияқты аяқ-қолдары мен буындары сырқырайтындар, желкүздары барлар пайдаланады.

СҮЙЕЛ ЖӘНЕ ОДАН ҚҰТЫЛУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Сүйел дегеніміз мүйізді қабықтармен жабылған эпидермалық түйіршіктер немесе тері қабатына шығатын қабыну. Олар адамның папиллома-тоздық вирусының кейбір түрлерінен таралады. Тары дәйінігі ірі бұршаққа дейінгі көлемде және сары, сұр түсті болып келеді. Тікелей қатынастан немесе әртүрлі заттар арқылы да жұғады. Негізінен аталық және аналық деп екіге бөлінеді. Аталығы бір шыққан соң қайта шықпайды, ал аналық сүйел кетіріп тастасаңыз да, қайтадан шығып, мазаңызды ала береді.

1. Сарымсақты үгіп, оны шошқа майымен араластырасыз. Матаға жағып, сүйелге таңып, байлап тастайсыз да, оны күніге ауыстырып тұрасыз.

2. Пиязды сірке суында екі сағат бойы ұстайсыз да, түнге қарай сүйелге таңып байлайсыз. Қатты тартаңыз, шыдауыңыз керек. Осылай бірнеше рет



жасасаңыз, сүйел тамырымен қопарылып шығады.

3. Ешқандай қоспасы жоқ кәдімгі борды сүйелге себесіз де, байлап қоясыз. Бірнеше рет жасаған соң, сүйел кетеді.

4. Сүйелді жерге жаңа піскен алманың сөлін жаға беріңіз. Сүйел крахмалдың әсерінен бірте-бірте кішірейіп, соңынан қараяды да, кейін көп ұзамай жогалып кетеді.

5. Әжелер кеңесі. Денедегі сүйел санымен бірдей етіп шикі күрішті санап аласыз. Сосын «Осы сүйелдерім кетсін!» деген тілек айтып күлге араластырасыз, күлді аулақтау жерге апарып төгесіз. Көп дегенде 1 айдан кейін сізді ыңғайсыздыққа қалдырған сүйелдер жогалады.

«Айғақ республикалық газеті және «Айғақ» телеарнасының ұжымы ҚР Білім беру ісінің үздігі, Түркістан облысының Құрметті азаматы Марат Қыстаубаевқа қызы **Шамшия ҚЫСТАУБАЕВАНЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып қайғыра көңіл айтады.